

ҚРҰБ Төрағасының «Әлеуметтік-экономикалық даму және
2020 жылғы қаңтар-қазандағы республикалық бюджетті
орындау қорытындылары туралы»
ҚР Үкіметі отырысындағы баяндамасы
Нұр-Сұлтан қ., 2020 жылғы 10 қараша

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Құрметті әріптестер!

Ағымдағы жылғы қазанда әлемде коронавирусты жұқтыру жағдайлары санының күрт ұлғаюы және АҚШ-тағы президенттік сайлау аясында әлемдік қор нарықтарындағы белгісіздік пен құбылмалылық артты.

СЫРТҚЫ НАРЫҚТАРДАҒЫ АХУАЛ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК

Қазанның қорытындысы бойынша **Американың** акция нарықтары теріс мәндермен жабылды. **Еуропадағы** акциялар ағымдағы жылғы наурыздан бастап ең күшті құлдырауды көрсетті. Инвесторлар карантин шаралары еуроаймақ экономикасын қосарланған рецессияға итермелеуі мүмкін деп алаңдауда.

Қазанда АҚШ долларының қымбаттауына және **дамушы елдер валюталарының әлсіреуіне** алып келген АҚШ-тағы президенттік сайлаудың қорытындысына қатысты белгісіздік **өткен аптаның соңында** демократиялық партиядан кандидат Джо Байденнің жеңісі аясында төмендеді. Нарық бұл жаңалықты, сондай-ақ демократиялық партияның Сенатты болжалды түрде бақылай алмауын **экономикаға көмек көрсетудің жаңа бағдарламасын** келісу мүмкіндігін ескере отырып, оң қабылдады.

Франция мен Германияда локдаундар енгізуді талқылау аясында қазанның соңында **тауар нарықтарында** төмендеу байқалды. Жалпы алғанда, Еуропаға мұнайды әлемдік тұтынудың **20%-і** тиесілі. Егер Франция мен Германияға басқа Еуропа елдері қосылса, қараша мен желтоқсанда **мұнайды өндіру сұраныстан асып кетуі мүмкін**. Бұл ОПЕК-ке қысым көрсетеді және 2021 жылғы қаңтардан бастап өндіруді ұлғайту жоспарлары қайта қаралуы мүмкін.

Еуроодақ (ЕО) елдерінде коронавируспен ауырудың айтарлықтай өсуі қазанның соңында орын алды, кейіннен ағымдағы жылғы қарашада шектеу шаралары қабылданды. Осыған байланысты қарашада **экономикалық белсенділіктің қысқаруы** күтіледі.

Қазақстанда іскерлік белсенділік индексі ағымдағы жылғы қазанда өнеркәсіп және көрсетілетін қызметтер саласындағы өсу есебінен **47,6** тармақтан **48,8** тармаққа дейін көтерілді. Құрылыста көрсеткіш **47,6** тармаққа дейін **1,5** тармаққа қысқарды.

АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

Ағымдағы жылғы қазанда **жылдық инфляция** бір ай бұрынғы **7,0%-тен 7,1%-ке** дейін артты. **Азық-түлік тауарлары** бағасының жылдық өсуі **азық-түлікке жатпайтын тауарлар** бағасының **5,5%-тен 5,6%-ке** дейін және **ақылы қызметтер** бағасының **3,6%-тен 3,7%-ке** дейін өсуі кезінде **10,8%-тен 10,7%-ке** дейін аздап баяулады.

Инфляцияның шамалы жеделдеуі қысқа мерзімде

пайдаланылатын тауарлардың қымбаттауы және коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуін қалпына келтіру аясында байқалады.

Сыртқы және ішкі нарықтардағы жоғарғы белгісіздік аясында ағымдағы жылғы 26 қазанда **базалық ставка +/-1,5 проценттік тармақ** проценттік дәлізімен **9%** деңгейінде сақталды.

АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫ

Сыртқы сектордағы белгісіздік пен құбылмалылықтың өсуі **тәуекелді активтер мен дамушы елдердің валюталарына** қысым көрсетті.

1. Қайтадан карантин шараларын енгізу ықтималдығының өсуі нәтижесінде қазанның соңына қарай **мұнай** бір баррель үшін **37,5** АҚШ долларға дейін едәуір төмендеді, бұл мұнайға сұраныстың әлсіреуін білдіреді. Бір айда төмендеу **8,5%** болды.

Ағымдағы айдың басынан бері шектеулерді ұзарту не қосымша қысқартулар мүмкіндігін қарастыру күтілетін ағымдағы жылғы 30 қараша–1 желтоқсандағы ОПЕК+ отырысының қарсаңында мұнай бағасы **біртіндеп өсе** бастады. Pfizer және BioNTech компанияларынан вакцинаны сәтті сынақтан өткізгені туралы оң жаңалықтың аясында мұнай бағасы бір күнде **7,5%-ке** ұлғайып бір баррель үшін **42,4** АҚШ долларына дейін өсті.

2. Әлемдік экономиканың дағдарыстың жаңа кезеңіне кіруі және сыртқы нарықтардағы жоғары белгісіздік **АҚШ доллары**

индексінің өсуіне алып келді, бұл алтын және дамушы елдер валюталарының құнына әсер етті.

Ағымдағы жылғы 9 қарашада АҚШ доллары индексінің төмендеуі және АҚШ-тағы президенттік сайлау жағдайының анықталуы аясында алтын бір унция үшін **0,8%-ке 1863,0** АҚШ долларына дейін арзандады.

Ағымдағы жылғы қазанда **дамушы елдердің валюталары** АҚШ пен бірқатар Еуропа елдерінде коронавирустың қайталану тәуекелін іске асыру аясында әлсіреуді жалғастырды. Мысалы, түрік лирасы бір айда **8,0%-ке**, Ресей рублі - **2,2%-ке**, Бразилия реалы - **2,3%-ке** әлсіреді.

Басқа **дамушы елдердің валюталарымен** қатар жалпы тенденциялар мен мұнай бағасының төмендеуіне байланысты Қазақстан теңгесі бір айда бір АҚШ доллары үшін **431,81** теңгеден **432,66** теңгеге дейін **0,2%-ке** әлсіреді.

Бұл ретте кепілдік берілген трансферт шеңберінде **Ұлттық қордың активтерін конвертациялау** және квазимемлекеттік сектор (КМС) компанияларының **экспорттық валюта түсімінің бір бөлігін міндетті түрде сатуы** ағымдағы жылғы қазанда **теңгенің әлсіреуін тежеді**.

Ағымдағы жылғы 9 қарашада биржадағы сауда-саттық қорытындылары бойынша теңгенің айырбас бағамы ай басынан бері **0,3%-ке** нығайып бір АҚШ доллары үшін **431,17** теңгені құрады.

ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Алдын ала деректер бойынша 2020 жылғы 3-тоқсанда **сауда балансы Ұлттық Банктің төлем балансының әдістемесі** бойынша 1999 жылдан бері алғаш рет **(-)1,0 млрд АҚШ доллары** мөлшерінде теріс қалыптасты.

Нәтижесінде 2020 жылғы 9 айда **сауда балансының** профициті **9,1 млрд АҚШ долларына** дейін **35,0%-ке** төмендеді. Тауарлар **экспорты 18,4%-ке** қысқарды, бұл мұнай мен газ конденсаты экспортының төмендеуіне байланысты болды.

Тауарлар **импорты** инвестициялық тауарларды **12,6%-ке** немесе және аралық тауарларды **12,6%-ке** әкелуді қысқарту нәтижесінде **10,4%-ке** қысқарды.

Нәтижесінде 2020 жылғы 9 айда төлем балансының **ағымдағы шоты** тапшылықпен қалыптасты және **(-)3,8 млрд АҚШ долларын** құрады (2019 жылғы 9 айда **ағымдағы шоттың** тапшылығы **(-)5,1 млрд АҚШ доллары** болды). 2020 жылғы 3 тоқсанда төлем балансының ағымдағы шотының тапшылығы **(-)5,5 млрд АҚШ доллары** болды

АЛТЫНВАЛЮТА АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚОР

Алдын ала деректер бойынша қазанда Ұлттық Банктің **алтынвалюта резервтері** көбінесе мемлекеттік борышты төлеу және интервенция жүргізу есебінен **33,6 млрд АҚШ долларына** дейін **200 млн АҚШ долларына** төмендеді.

Ұлттық қордың активтері республикалық бюджетке **230 млрд теңге** көлемінде кепілдік берілген трансфертті бөлу,

сондай-ақ пандемияның қайталану тәуекелдерін іске асыруға байланысты қаржы нарықтарындағы теріс түзетулер есебінен бір айда **1 млрд АҚШ долларына (-1,7%)** қысқарып, **56,3 млрд АҚШ долларын** құрады.

Қазандағы теріс түзетулерге қарамастан, 2020 жылдың басынан бастап инвестициялық кіріс шамамен **950 млн АҚШ долларын** құрады.

Ағымдағы жылғы қазанның соңында Қазақстанның **халықаралық резервтері** алдын ала деректер бойынша бір айда **1,3%-ке** азайып, **89,9 млрд АҚШ долларын** құрады.

ДЕПОЗИТТЕР

Банк жүйесіндегі депозиттер бір айда **3,3%-ке** ұлғайып, ағымдағы жылғы қыркүйектің соңында **21,4 трлн** теңге болды.

Теңгедегі салымдар қыркүйекте **12,6 трлн** теңгеге дейін **2,2%-ке**, **валюталық салымдар 5,1%-ке** өсті.

Нәтижесінде депозиттерді **долларландыру деңгейі** 2020 жылғы қыркүйекте **40,9%** деңгейінде (ағымдағы жылғы тамызда **40,2%**, 2019 жылғы желтоқсанда **43,1%**) қалыптасты.

КРЕДИТТЕР

Ағымдағы жылғы қыркүйекте **экономикаға берілетін кредиттер ұзақ мерзімді кредиттердің 12,4 трлн** теңгеге дейін **1,3%-ке** өсуі нәтижесінде ағымдағы жылғы қыркүйектің соңында **14,3 трлн** теңгеге дейін **1,1%-ке** ұлғайды. **Қысқа мерзімді кредиттер 2,0 трлн** теңгеге дейін **0,2%-ке** азайды.

Бизнестің кредиттік портфелі қыркүйекте

7,3 трлн теңгеге дейін **0,2%-ке** ұлғайды. Бизнеске **теңгемен кредиттер бойынша ставка** ағымдағы жылғы қыркүйекте **12,1%**, оның ішінде ағымдағы жылғы қыркүйекте қысқа мерзімді кредиттер бойынша – **11,8%**, ұзақ мерзімді кредиттер бойынша – **13,3%** болды.

Қыркүйекте **халықтың кредиттері 7,0 трлн** теңгеге дейін **2,0%-ке** ұлғайды. Олардың құрылымында **тұтынушылық қарыздар 4,2 трлн** теңгеге дейін **1,3%-ке** ұлғайды, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру есебінен ипотекалық қарыздар **2,1 трлн** теңгеге дейін **3,6%-ке** ұлғайды.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСТАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Қазақстан экономикасын қолдау үшін Мемлекет басшысының дағдарысқа қарсы бастамаларын іске асыру жалғасуда.

1. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша ағымдағы жылғы 6 қарашадағы жағдай бойынша кәсіпкерлерден **872,7 млрд.** теңгеге **1 277** өтінім қабылданды, оның ішінде банктер жалпы сомасы **447,6 млрд теңгеге 487 өтінімді** мақұлдады, **427,9 млрд** теңге сомасына **691 қарыз** берілді.

2. Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы бойынша ағымдағы жылғы 6 қарашада кәсіпкерлер **567,3 млрд** теңге сомасына **2 291** өтінім берді, **444,8 млрд** теңгеге **4 292** өтінім, оның ішінде **91 млрд** теңге бұрын берілген қарыздарды өтеуден түскен ақша есебінен

берілді.

«7-20-25» және «Баспана Хит» БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Ұлттық Банктің қаржыландыруы есебінен тұрғын үй құрылысын қолдау жалғасуда.

1. «7-20-25» бағдарламасы бойынша ағымдағы жылғы 5 қарашада **295,3 млрд теңгеге 25 186 өтінім** мақұлданды, оның ішінде **232,1 млрд теңге** сомасына **19 891 қарыз** берілді.

2. «Баспана Хит» нарықтық ипотекалық бағдарлама бойынша ағымдағы жылғы 5 қарашада **404,5 млрд теңге** сомасына **45 866 өтінім** мақұлданды, **320,6 млрд теңгеге 37 176 қарыз** берілді.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Сыртқы сектордағы тәуекелдер Қазақстан ішіндегі жағдайдың дамуына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты Ұлттық Банк сыртқы және ішкі жағдайларға мониторинг жүргізуді жалғастырады және баға тұрақтылығы мен қаржылық орнықтылықты қамтамасыз етуге қажетті шаралар қабылдайтын болады.

Назарларыңызға рақмет!